

**Білім беру үдерісіндегі білім беру саясаты,  
инновациялар және цифрландыру**

**Образовательная политика, инновации  
и цифровизация в образовательном процессе**

**Educational policy, innovation and digitalization  
in the educational process**

FTAMP 14.25.01

DOI 10.59941/2960-0642-2023-4-10-26

## **Білім сапасын арттыру контекстінде мектептерді кешенді қолдау: «50 сәтті мектеп» жобасы**

**А. Р. Саулембеков<sup>1</sup>, Е.Б. Аубакиров<sup>2</sup>, Е.Ә. Жұмашов<sup>\*3</sup>**

<sup>1,2</sup>«Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қоры  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

\*e.zhumashov@uba.edu.kz



**Аңдатпа.** Мемлекеттің дамуына, қоғамның өркендеуіне, азаматтардың бақуаттылығына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі сапалы білім. Академиялық зерттеулердің нәтижесі білім беру сапасына ықпал ететін ең маңызды фактор педагог екенін дәлелдеді. Педагогтердің білім сапасына ықпалы инфрақұрылым, білім беру стандарттары мен бағдарламалары, оқу құралдары мен ресурстары, білім алушылардың әлеуметтік-экономикалық ахуалы т.б. факторларға қарағанда жоғары. Білім сапасын арттыруда мектеп әкімшілігінің де үлесі жоғары, сындарлы басшысыз білім сапасы төмен мектептерде оң өзгеріс болмайтындығын зерттеу нәтижелерімен қуаттайды. Сондықтан білім саласына бағытталған инвестиция алдымен педагогтердің және менеджерлердің әлеуетін арттыруға бағытталуы маңызды. Мақалада Алматы облысында іске асып жатқан «50 сәтті мектеп» жобасының тиімділігін зерттеу және бағалаудың әдіснамасы ұсынылды. Жобаларды бағалау, оның ішінде әлеуметтік және білім саласындағы жобаларды зерттеу бойынша әдебиеттерді зерделеу нәтижесінде әзірленген әдіснама «50 сәтті мектеп» аясындағы жұмыстардың сапасын ғана емес, сонымен қатар білім саласына қатысты басқа да жобаларды зерттеуде үлгі ретінде қолдану контекстінде пайдалы. Сондықтан мақалада білім беру саласындағы жобалардың тиімділігін қарапайым тәсілмен бағалауға мүмкіндік беретін жаңа модель жазылған.



**Түйінді сөздер:** білім беру, орта білім, педагог, педагогтерді қолдау, білім сапасы



**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:**

**Саулембеков, А. Р., Аубакиров, Е. Б., Жұмашов, Е. Ә.** Білім сапасын арттыру контекстінде мектептерді кешенді қолдау: «50 сәтті мектеп» жобасы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №4. – Б. 10-26.

## Кіріспе

Мемлекеттің дамуына, қоғамның өркендеуіне, азаматтардың бақуаттылығына ықпал ететін ең маңызды факторлардың бірі білім. Қоғамда білімі, кәсіби біліктілігі жоғары азаматтардың үлесінің артуымен мемлекеттің бәсекелік қабілеті күшейіп, экономикалық қуаты артады, нәтижесінде қоғамдағы тұрақтылық, бақуаттылық, ішкі және сыртқы қарым-қатынастар жақсарады. Осы себепті сапалы білім алуға өз табысын арттыруды көздеген жеке азаматтар ғана емес, мемлекет, халықаралық институттар, қайырымдылық қорлар сияқты көптеген қатысушылар мүдделі. Мұндай донорлар қолындағы шектеулі қаржылық және басқа да ресурстарды тиімді жұмсау, инвестицияны алдымен қайтарымы молырақ және сапаға ықпал ету үлесі жоғары салаларға жұмсау мақсатында зерттеулер мен сараптамалар жүргізеді, оның нәтижесін негізге алып шешім қабылдайды. Көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижесі білім сапасына ықпалы ең жоғары фактор педагогтер екенін көрсетіп отыр. 2023 жылы жарияланған зерттеуде XXI ғасырда жарияланған ғылыми жобалардың нәтижесі бойынша 40 жарияланымға мета-талдау жасап, нәтижесінде білім алушылардың үлгеріміндегі 9,2% айырмашылықты мұғалімдердің кәсіби деңгейімен байланыстыруға болатынын анықтаған [1]. Бұл тұжырымды басқа да көптеген зерттеулердің нәтижесі қуаттайды [2, 3], және сапалы ұстаздар мен кәсіби біліктілігі төмен мұғалімдер сабақ берген оқушылардың жетістіктеріндегі айырмашылық 50%-ға дейінгі жететіндігі тұжырымдалған [4, 5]. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жүргізген талдау нәтижелері де білім алушылардың білім сапасы педагогтің біліктілігімен байланысты екенін көрсетті. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ) нәтижесі бойынша жоғары балл алған оқушыларға сабақ беретін мұғалімдердің Педагогтердің білімін бағалау бойынша тесттен жоғары балл алғаны анықталды [6]. Осы себепті «Білім сапасы ешқашан мұғалімнің сапасынан асып түспейді» [7], – деген тұжырым дәйекті.

Мектептегі білім сапасына ықпалы жоғары келесі фактор – директор немесе мектеп әкімшілігі. Зерттеулер тиімді менеджмент пен білім сапасы арасындағы байланыстың бар екендігін дәлелдеді. Білікті директорлардың қызметі сол мектептегі білім алушылардың бір оқу жылындағы үлгерімін арттыратыны, сәйкесінше жұмысы сапасыз директорлар төмендететіні анықталды [8, 9]. Басқаша айтқанда, сапалы менеджмент бар мектептерде білім алушылардың білім жетістіктері жоғары.

Жоғарыдағы факторлар білім сапасын арттыру үшін педагогтер мен мектеп әкімшілігінің кәсіби біліктілігін арттырудың маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан осы факторлардың қызметін жақсартуға көңіл бөлу, инвестиция салу маңызды. Мұндай инвестиция ұзақ мерзімде жоғары қайтарым әкеледі. Осы шарттар жағдайында педагогтердің әлеуетін арттыру мақсатында кәсіби дамуына бағдарланған жобаларды іске асыру маңызды. Осыған байланысты, Алматы облысындағы орта білім беру ұйымдарының әлеуетін күшейтуге бағытталған «50 сәтті мектеп» жобасы іске асырылуда. Жоба аясында 50 мектептің педагогтеріне әдістемелік, тәлімгерлік, біліктілік арттыру бойынша қолдау көрсетіледі.

Ауқымды, ұзақмерзімді және әрі қарай трансляциялау жоспарланған кез келген жобаның тиімділігін бағалау маңызды. Мұндай бағалау жобаның тиімділігін арттыру үшін қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу контекстінде ғана емес, сонымен қатар әрі қарай жалғастыру үшін негізділігін көрсету үшін өзекті. Жобаны бағалау ол туралы ақпарат беретін белгілі бір мәліметтерді жинау мен талдау процедураларын көрсететін әдіснама арқылы жүргізіледі. Бұл мақалада білім саласындағы жобалардың тиімділігін өлшеу бойынша жазылған әдебиеттерді талдау негізінде «50 сәтті мектеп» жобасын бағалау үшін әзірленген әдіснама жобасы берілген. Мақаланың мақсаты әдіснаманы ғылыми-педагогикалық қоғамдастық назарына ұсыну жолымен талқылау және білім саласын-

дағы басқа жобаларды іске асырушылар үшін үлгі ретінде қолдану мүмкіндік беру.

Мақала әрі қарай мынандай тараулар аясында жалғасады. Келесі тарауда жоба туралы ақпарат беріліп, контекстуалды шарттар сипатталады. Одан кейінгі тарауда жобаның тиімділігін өлшеу бойынша әдістер зерделеніп, осы бағыттағы әдеби материалдарға шолу жасалады. Нәтижелер бөлімінде жобаның тиімділігін өлшеу бойынша материалдарды зерделеу нәтижесінде әзірленген әдіснама көрсетіледі. Талқылау тарауында ұсынылған әдіснаманың басымдықтары мен кемшіліктері, іске асырудағы ықтимал кедергілер сыни тұрғыдан қарастырылады. Соңғы бөлімде қорытынды тұжырымдар ұсынылады.

### **Жобаның тиімділігін өлшеу бойынша әдістерге шолу**

Білім беру контекстіндегі жобаларды бағалау білім беруді дамыту жобаларының сәттілігін, әсерін және өзектілігін бағалауды көздейді. Әдебиеттерде жобаны талдау және бағалау төмендегі аргументтермен негізделеді [10]:

- (1) жобаның немесе жұмыстың күтілетін нәтижелерге және талаптарға сәйкес іске асып жатқандығын анықтау бойынша ақпарат алу;
- (2) жобаның кемшіліктерін уақытында анықтау және оларды түзету бойынша тиісті шешімдер қабылдау;
- (3) болашақта жобаны жалғастыру, өзгерту немесе тоқтату туралы шешім қабылдау үшін процедуралар мен әрекеттердің нәтижелерін зерттеу.

Жобаның тиімділігін бағалау бойынша әдебиеттерді шолу бұл алаңда өте көп құралдардың барлығын көрсетті. Ромер мен Ньюто (1995) жариялаған мақалада жобаларды бағалаудың 25 әдісі қарастырылған [11]. Дегенмен, бұл әдістердің басым бөлігі экономикамен байланысты жобаларды өлшеуге бағытталған. Басқаша айтқанда, салынған инвестицияның қаншалықты қайтарым әкелетінін өлшеу

үшін пайдалы әдістер. Ал, білім сияқты әлеуметтік саладағы жобалардың экономикалық құнын экстерналия (ағылш. externality) әсерінен анықтау өте күрделі. Осыған байланысты білім саласындағы жобаларды басқаша әдіспен өлшеу қажет.

Білім саласындағы жобаларды өлшеудің әдіснамасы бойынша бірнеше маңызды материалдар бар. Олардың арасында Фрехтлингтің (2002) «Жобаларды бағалауға арналған ыңғайлы нұсқаулық» [12] және Чинапах пен Мирон жариялаған «Білім беру бағдарламалары мен жобаларын бағалау: тұтас және практикалық тәсілдер» [13] еңбектері маңызды. Білім саласындағы жобаны зерттеу мен бағалау бойынша осы екі әдебиетте ұсынылған кеңестерді синтездей отырып модельде ескерілуі тиіс негіздер шығарылады.

Аталған авторлардың еңбегіне қарап, білім саласындағы сарапшылардың бағалауды қалыптастырушы (формативті) және жиынтық (суммативті) бағалау деп екіге бөлетіні көруге болады. Қалыптастырушы бағалау жоба бойынша бастапқы және ағымдағы қызметті бағалаудан тұрады. Жиынтық бағалаудың мақсаты сапаны бағалау және толық іске асырылған жобаның әсерін анықтау. Кейбір жағдайда осы екі бағалауды біріктіріп тұтас бағалау ретінде қарастырылады. Тұтас бағалауда жоба іске асып жатқан уақытта және іске асып біткеннен кейінгі нәтижелері зерттеледі.

Бағалаудың негізгі әдістеріне сауалнамалар, алаң зерттеулері, эксперименттер жатады, ал қолданылатын негізгі әдістер сұхбат, сауалнама және бақылау. Нақты қай әдістің қолданылатыны көптеген факторларға (мысалы, бағалау мақсаты, қатысушылардың ерекшеліктері т.б.) байланысты анықталады. Дегенмен, сандық және сапалы әдістерді қатар қолдану маңызды. Себебі мұндай аралас әдіс неғұрлым пайдалы және тереңірек ақпарат алуға көмектеседі.

Жоғарыдағы әдебиеттер жобаны тиімді бағалау үшін келесі әрекеттерді орындауды ұсынады:

- Жобаның мақсаттары мен міндеттерін анықтау. Бағалау процесі, баланың біліміндегі, мінез-құлқындағы, көзқарастарындағы өзгерістерді өлшейтін нәтижелермен көрсетілген жоба мақсаттарынан басталады.
- Бағалау критерийлерін белгілеу. Мысалы, шығындарды, мерзімді, нәтижелерді және тұтынушылардың қанағаттануы.
- Жоба туралы ақпарат жинау үшін қолданылатын деректерді жинау әдістері мен құралдарын анықтау.
- Деректерді жинау: сауалнамалар, сұхбаттар және өнімділік көрсеткіштері сияқты белгілі бір әдістер мен құралдарды пайдалана отырып деректерді жинау.
- Деректерді талдау: жобаның сәттілігін, әсерін және өзектілігін анықтау үшін жиналған деректерді талдау.
- Талдау негізінде өзгертулер енгізу, жақсартуды қажет ететін аймақтарды анықтау.
- Бағалау нәтижесін жариялау: ашықтық пен есеп беруді қамтамасыз ету үшін қолданылатын әдістерді, жиналған деректерді және жүргізілген талдауды қоса алғанда, бағалау процесін мақала ретінде жариялау.

### **Нәтижелер: жобаның тиімділігін өлшеудің әдіснамасы**

Жобаны зерттеу және бағалау бойынша әдебиетті зерделеу нәтижесінде Алматы облысында іске асып жатқан «50 сәтті мектеп» жобасына мониторингтің әдіснамасы әзірленді. Әдіснамада жобаның өзектілігі, контекстуалды шарттардың сипаты, мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер, жоба аясында іске асырылатын жұмыстар, зерттеу мен бағалауға қажетті ақпараттарды жинау мен талдау әдістері көрсетілген (Қосымша). Бұл тарауда осы әдіснаманың негізгі аспектілері туралы қысқа ақпарат ұсынылды.

*Жобаның мақсаты:* өңірдегі педагог кадрлардың кәсіби әлеуетін арттыру, олимпиадалық қозғалысты дамыту, сондай-ақ ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелік философияны құру және дамыту үшін шарттар жасау

*Жобаның міндеттері:*

- 1) білім беру саласындағы жаңа әзірлемелерге сәйкес оқыту әдістемесін, оқыту тәсілдерін, атап айтқанда, жаңа материалды беру тәсілдерін, жаттығу түрлері мен дағдыларды дамытуға арналған тапсырмаларды, бақылау түрлерін білуіне қолдау көрсету жолымен кәсіби дамуға ықпал ету;
- 2) Ағылшын тілі мұғалімдеріне сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты индуктивті (Inductive) және дедуктивті (Deductive) тәсілдерді қолдана отырып, өнімді (productive skills) және рецептивті (receptive skills) дағдыларын, сабақты жоспарлауды оқытудың тиімді әдістері мен әдістемелерін үйрету;
- 3) педагогтерді тәжірибе негізінде белсенді оқытуға, сыни тұрғыдан ойлауға және пәндік тақырыптарды, әсіресе күрделі немесе трендік тақырыптарды оқыту процесінде туындайтын проблемаларды шешу дағдыларына ықпал ететін практикалық және зертханалық жұмыстардың стратегияларымен таныстыру;
- 4) жаратылыстану-ғылыми бағыт педагогтеріне өз пәнін тиімді оқыту үшін әдістемелік көмек көрсету, мамандандырылған оқу кабинеттерінде (зертханалық сыныптарда) практикалық жұмыстар жүргізу үшін демонстрациялық материалдарды пайдалану;
- 5) білім беру ұйымдарының басшыларын инновациялық дамудың негізгі бағыттарын, зерттеу жүргізуді, педагогикалық кеңестердің тиімділігін арттыруды, сабаққа қатысу нәтижелерін талдау әдістерін қолдануды, міндеттерді тиімді бөлісуді және мек-

тепішілік проблемаларды практикалық шешуді оқыту;

- 6) практикалық жұмыста сауатты қолдануды қамтамасыз ететін кәсіби бағдарлаудың заманауи әдістері және формаларымен таныстыру. Білім алушылардың өз кәсібін анықтауына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- 7) білім алушылардың үздіксіз білім беру дағдыларын барынша табысты дамыту мақсатында бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуда жеке тәсілді қолдану дағдыларын жетілдіру;
- 8) педагогтерді құндылыққа бағдарланған білім беруді іске асыруға бағытталған тәрбие жұмысының жаңа тәсілі бойынша білім мен дағдыларға үйрету. Сондай-ақ, ата-аналарды ұйымның білім беру және тәрбие процестеріне тарту әдістерін оқыту;
- 9) құндылық-бағдарланған оқытуды енгізу бойынша Қазақстанның озық мектептерінің тәжірибесімен және жетістіктерімен таныстыру;
- 10) білім алушыларды пәндік олимпиадаларға дайындалудың стратегиялары мен әдістеріне үйрету, сондай-ақ олимпиадалық тапсырмаларды шешуді үйрететін пайдалы ресурстармен таныстыру. Білім беру ұйымының базасында олимпиадалық резервті қалыптастыру.

*Жобаны іске асыру уақыты: 2023-2024 оқу жылы*

*Жобаға қатысушы мектеп саны: Білім басқармасы тарапынан анықталған 50 мектеп.*

*Жоба іске асырылатын өңір: Алматы облысы*

*Жобаны іске асыру форматы: офлайн*

*Мақсатты аудитория – педагогтер, мектеп директорлары, орынбасарлары, білім алушылар (олимпиадашылар)*

Жоба аясында іске асырылатын жұмыстар мен қолдау шаралары төменде берілген.

1. «XXI ғасырдағы білім берудің негіздері» курсы өткізу.
2. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері үшін «Effective Teaching Skills – English» курсы ұйымдастыру.
3. «Жаратылыстану-ғылыми пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру» курсы өткізу.
4. Жаратылыстану пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерін әдістемелік сүйемелдеу және тәлімгерлік.
5. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру курсы өткізу.
6. Мектеп әкімшілігі үшін біліктілік арттыру курсы ұйымдастыру.
7. Мектеп әкімшілігі үшін арнайы білім беру туры ұйымдастыру.
8. «XXI» ғасырдағы кәсіптік бағдар беру негіздері курсы өткізу.
9. Өңірдегі олимпиадалық қозғалысты дамыту бойынша шаралар.
10. Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» жүйесін енгізу және оқыту.
11. «Информатика» пәнінің мұғалімдеріне курс өткізу және әрбір мектепке оқу-танымдық порталға қолжетімділікті қамтамасыз ету (әр мектептен 2 адам).

Бұл жобаның тиімділігін анықтау үшін басты критерий ретінде қатысушылардың қанағаттану деңгейін және білім сапасы айқындалады. Басқаша айтқанда, жоғарыдағы жұмыстардың сапалы іске асқандығын зерттеу мақсатында аталған екі критерийге қатысты ақпарат жинау және талдау жүреді. Ақпарат сауалнама,

фокус-топтар, тереңдетілген сұхбат және білім сапасына қатысты статистикалық деректер арқылы жиналады.

Әлеуметтік сауалнама көрсетілетін қолдау шараларының мазмұны негізінде құрастырылады және қатысушылардың жоба туралы пікірін білу, қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі. Сұрақтары жоба аясында жүргізілген жұмыстарды қамтиды және кемі 2 адамның қатысуымен пилоттан өтеді. Сауалнама дайын болғаннан кейін Туреform жүктеледі және қатысушыларға сілтемесі беріледі. Қатысушылар арасында өткізу жоспарланған сауалнаманың жобалық макеті 1-қосымшада берілген.

Екіншіден, жоба туралы тереңірек ақпарат алу үшін сапалық тәсіл қолданылады. Бұл тәсілмен жиналған ақпарат тақырыптық талдау жолымен кодталады және талданады. Сапалық тәсіл деректерді жинаудың фокус-топ әдісі арқылы өткізіледі. Қатысушы педагогтермен кемі үш фокус-топ өткізу жоспарланған. Педагогтер арасында фокус-топ макеті 2-қосымшада берілген.

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі арасында тереңдетілген сұхбат жүргізіледі. Сапалық тәсілдің бұл әдісі арқылы жиналған мәлімет мектеп басшылығының жалпы жоба туралы, оның тиімділігі жөнінде пікірін алуға көмектеседі. Тереңдетілген сұхбат кемі 5 мектеп әкімшілігі өкілімен өткізіледі. Бұл әдістің макеті 3-қосымшада берілген.

Педагогтердің біліктілігін арттыру нәтижесі білім сапасына біртіндеп ықпал етеді. Кейбір академиялық зерттеулер педагогтің сапасы білім сапасына ықпалы кемі үш жылдан кейін байқалатынын анықтаған. Сол себепті бұл жобаның білім сапасына ықпалын ұзақмерзімде қарастыру қажет. Білім сапасына ықпалын анықтау үшін мектеп іші бағалау нәтижесіне емес, сыртқы деректерді талдау объективті болады. Осы мақсатта білім алушылардың академиялық жетістіктеріне қатысты бірқатар сыртқы индикаторлардан құралған кесте әзірленді (4-қосымша). Бұл кестедегі индикаторлар жоба басталғанға дейінгі

екі және аяқталғаннан кейінгі үш жылды қамтиды. Осы бес жыл аралықтағы позитивті динамика білім сапасындағы өзгерістерді көрсетеді.

Осы деректер нәтижесінде жиналған ақпарат өңделіп, жобаның сапасы бағаланады және одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленеді.

## Талқылау

Ұзақмерзімді сапалық өзгеріс әкелуді көздейтін кез келген жоба бағалаудан өткені дұрыс. Бұл жобаның өз мақсатына, күтілетін нәтижелеріне жетудегі тиімділігін анықтап, одан әрі ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Әдетте жобаны бағалау оны іске асырумен қатар жүреді. Мұндай тәсілдің артықшылығы жобаны іске асыру барысында қажетті түзетулер жасауға негіз болады. Басқаша айтқанда, жобаның кейбір компоненттерін аралық бақылау нәтижесінде түзетуге мүмкіндік береді. Сондықтан авторлар Алматы облысында іске асып жатқан «50 сәтті мектеп» жобасының тиімділігін зерттеу және бағалау үшін арнайы әдіснама әзірледі. Ұсынылып отырған әдіснама екі шарт тұрғысынан өзекті. Біріншіден, «50 сәтті мектеп» жобасын зерттеуге және оның тиімділігі туралы ғылыми ақпарат қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әдіснаманың екінші артықшылығы білім саласында интервенция жасауға бағытталған басқа жобалар үшін үлгі болуымен сипатталады. Осы факторларға байланысты берілген әдіснаманың ауқымы отандық білім саясаты үшін ғылыми негіз болуымен, сондай-ақ жергілікті ғана емес, шетелдік деңгейлерде білім саласындағы инвестициялар мен интервенциялардың тиімділігін бағалауға бағытталған зерттеушілер үшін маңызды.

Кез келген әдіснама зерттеу нысаны туралы толық ақпарат беруі қиын, көп жағдайда белгілі бір аспектілері ескерусіз қалады [14]. Сондықтан барлық әдіснаманың белгілі бір шектеулері болады. Ұсынылып отырған әдіснаманың да белгілі бір кемшіліктерінің болуы заңдылық. Алдымен, жұмсалған ресурс пен қайтарым

арасындағы қатынас өлшенбейді. Басқаша айтқанда, жобаға салынған инвестиция қаржылық тұрғыдан қаншалықты пайда әкелгендігі қарастырылмайды. Бұл әлеуметтік бағыттағы жоба болғандықтан шығындар мен пайданы есептеу өте күрделі. Екіншіден, әдіснама шеңберінде жобаның ұзақмерзімді, 5 жылдан әрі қарайғы эффектісі туралы ақпарат берілмейді. Жоба басталғанға дейінгі және аяқталғаннан кейінгі білім сапасына қатысты сандық өзгерістерді өлшейтін кесте әзірленген, алайда ол 3 жылдық мерзімді қамтиды. Себебі жобаның эффектісін ұзақ жыл бойы мониторинг жүргізу орасан ресурсты талап етеді.

### Қорытынды

«50 сәтті мектеп» жобасы республиканың орта білім саласында апробациядан өтіп жатқан алғашқы ауқымды жобалардың бірі. Оның нәтижесі білім сапасын арттыру мақсатында педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға инвестиция салудың, мұғалімдерге арналған интервенцияның білім сапасын арттыруға қаншалықты көмектесетінін білуге септігін тигізеді. Бұл мемлекеттік органдардың білім саласына қатысты негіздемелі шешім қабылдауына көмектеседі, сондай-ақ мониторинг нәтижесінде жарияланатын ғылыми жарияланымдар осы тақырып бойынша ғылыми түсінікті кеңейтуге әкеледі. Сондықтан жобаның тиімділігін бағалау маңызды.

Бұл мақалада Алматы облысында іске асып жатқан «50 сәтті мектеп» жобасының тиімділігін зерттеу және бағалау үшін арнайы әзірленген әдіснама ұсынылды. Әдіснама жобаны бағалауға қатысты ғылыми материалдарды зерделеу нәтижесінде әзірленді. Оның мазмұны тұтынушының қанағаттану деңгейін өлшеу және білім сапасындағы өзгерістерді салыстыруға негізделген. Ұсынылған әдіснама осы жобаны бағалау тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар білім саласына қатысты басқа да жобаларды зерттеу үшін үлгі ретінде пайдалану контекстінде өзекті.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **López-Martín, E., Gutiérrez-de-Rozas, B., González-Benito, A.M. and Expósito-Casas, E., 2023.** Why Do Teachers Matter? A Meta-Analytic Review of how Teacher Characteristics and Competencies Affect Students' Academic Achievement. *International Journal of Educational Research*, 120, p.102199. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0883035523000630>
2. **Sirait, S., 2016.** Does teacher quality affect student achievement? An empirical study in Indonesia. *Journal of Education and Practice*, 7(27). <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1115867.pdf>
3. **Rivkin, S.G., Hanushek, E.A. and Kain, J.F., 2005.** Teachers, schools, and academic achievement. *Econometrica*, 73(2), pp.417-458.
4. **Sanders, W.L. and Rivers, J.C., 1996.** Cumulative and residual effects of teachers on future student academic achievement.
5. **Akram, M., 2019.** Relationship between Students' Perceptions of Teacher Effectiveness and Student Achievement at Secondary School Level. *Bulletin of Education and Research*, 41(2), pp.93-108.
6. Аналитический отчет «Комплексный анализ результатов мониторинга образовательных достижений обучающихся организаций среднего образования», Астана, Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина, 2022 год – 296 стр.
7. **Barber, M. and Mourshed, M. (2007)** How the world's best-performing school systems come out on top, McKinsey & Co.
8. **Branch, G., Hanushek, E. and Rivkin, S.G., 2013.** School leaders matter: measuring the impact of effective principals *Education*.
9. **Burkhauser, S., 2017.** How much do school principals matter when it comes to teacher working conditions?. *Educational Evaluation and Policy Analysis*, 39(1), pp.126-145.
10. **Fisher, Y., 2010.** Measuring Success: Evaluating Educational Programs. *Online Submission*, 7(6), pp.1-15.
11. **Remer, D. S., & Nieto, A. P. (1995).** A compendium and comparison of 25 project evaluation techniques. Part 1: Net present value and rate of return methods. *International Journal of Production Economics*, 42(1), 79–96. doi:10.1016/0925-5273(95)00104-2
12. **Frechtling, J., 2002.** The 2002 User-Friendly Handbook for Project Evaluation.
13. **Chinapah, V. and Miron, G., 1990.** Evaluating educational programmes and projects: holistic and practical considerations.
14. **Chinapah, V. and Miron, G., 1990.** Evaluating educational programmes and projects: holistic and practical considerations.

## References

1. **López-Martín, E., Gutiérrez-de-Rozas, B., González-Benito, A.M. and Expósito-Casas, E.**, 2023. Why Do Teachers Matter? A Meta-Analytic Review of how Teacher Characteristics and Competencies Affect Students' Academic Achievement. *International Journal of Educational Research*, 120, p.102199. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0883035523000630>
2. **Sirait, S.**, 2016. Does teacher quality affect student achievement? An empirical study in Indonesia. *Journal of Education and Practice*, 7(27). <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1115867.pdf>
3. **Rivkin, S.G., Hanushek, E.A. and Kain, J.F.**, 2005. Teachers, schools, and academic achievement. *Econometrica*, 73(2), pp.417-458.
4. **Sanders, W.L. and Rivers, J.C.**, 1996. Cumulative and residual effects of teachers on future student academic achievement.
5. **Akram, M.**, 2019. Relationship between Students' Perceptions of Teacher Effectiveness and Student Achievement at Secondary School Level. *Bulletin of Education and Research*, 41(2), pp.93-108.
6. Аналітичний звіт «Комплексний аналіз результатів моніторингу освітніх досягнень учнів середніх загальноосвітніх навчальних закладів» [Comprehensive analysis of the results of monitoring the educational achievements of students of secondary education organizations], Astana, Nacional'naya akademiya obrazovaniya imeni Y. Altynsarina, 2022 god – 296 str.
7. **Barber, M. and Mourshed, M.** (2007) How the world's best-performing school systems come out on top, McKinsey & Co.
8. **Branch, G., Hanushek, E. and Rivkin, S.G.**, 2013. School leaders matter: measuring the impact of effective principals Education.
9. **Burkhauser, S.**, 2017. How much do school principals matter when it comes to teacher working conditions?. *Educational Evaluation and Policy Analysis*, 39(1), pp.126-145.
10. **Fisher, Y.**, 2010. Measuring Success: Evaluating Educational Programs. *Online Submission*, 7(6), pp.1-15.
11. **Remer, D. S., & Nieto, A. P.** (1995). A compendium and comparison of 25 project evaluation techniques. Part 1: Net present value and rate of return methods. *International Journal of Production Economics*, 42(1), 79–96. doi:10.1016/0925-5273(95)00104-2
12. **Frechtling, J.**, 2002. The 2002 User-Friendly Handbook for Project Evaluation.
13. **Chinapah, V. and Miron, G.**, 1990. Evaluating educational programmes and projects: holistic and practical considerations.
14. **Chinapah, V. and Miron, G.**, 1990. Evaluating educational programmes and projects: holistic and practical considerations.

## Комплексная поддержка школ в контексте повышения качества образования: проект «50 успешных школ»

**А. Р. Саулембеков<sup>1</sup>, Е. Б. Аубакиров<sup>2</sup>, Е. А. Жумашов<sup>\*3</sup>**

<sup>1,2</sup>Международный общественный фонд «Білім-інновація»

г. Астана, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина

г. Астана, Республика Казахстан

\*e.zhumashov@uba.edu.kz



**Аннотация.** Одним из основных факторов, влияющих на развитие государства, процветание общества, благополучие граждан, является качественное образование. Результаты академических исследований доказали, что наиболее важным фактором, влияющим на качество образования, является педагог. Влияние педагогов на качество образования выше факторов инфраструктуры, образовательных стандартов и программ, учебных пособий и ресурсов, социально-экономического положения обучающихся и др. Высокая доля школьной администрации в повышении качества образования подтверждается результатами исследования, что в школах с низким качеством образования без конструктивного руководителя позитивных изменений не происходит. Поэтому важно, чтобы инвестиции в сферу образования были направлены в первую очередь на повышение потенциала педагогов и менеджеров. В статье представлена методология исследования и оценки эффективности реализуемого в Алматинской области проекта «50 успеш-



ных школ». Методология, разработанная в результате оценки проектов, в том числе изучения литературы по изучению проектов в социальной и образовательной сфере, полезна в контексте использования в качестве модели при изучении не только качества работ в рамках «50 успешных школ», но и других проектов, относящихся к сфере образования. Поэтому в статье прописана новая модель, позволяющая простым способом оценить эффективность проектов в сфере образования.



**Ключевые слова:** образование, среднее образование, педагог, поддержка педагогов, качество образования

## Comprehensive support to schools in the context of improving the quality of education: the «50 Successful Schools» project

A. R. Saulembekov<sup>1</sup>, E. B. Aubakirov<sup>2</sup>, E. A. Zhumashov<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>International social foundation “Bilim-Innovation”

Astana, Republic of Kazakhstan

<sup>3</sup>National Academy of Education named after Y. Altynsarın

Astana, Republic of Kazakhstan

\*e.zhumashov@uba.edu.kz



**Abstract.** Quality of education is a key factor that have impact on development of the state, the prosperity of society, and the well-being of citizens. The results of numerous academic research have proved that the most important factor influencing the quality of education is the teacher. The influence of teachers on the quality of education is higher than other factors such as infrastructure, educational programs, teaching resources, socio-economic status of students. In addition, studies also revealed that role of principals significant in improving the quality of education at the schools with low performances. Therefore, it is important that significant share of investments in education should be allocated to development of teachers and leadership. The article presents the methodology of examination the efficacy of the project “50 Successful Schools” that going to be realized in Almaty region. The methodology developed as a result of the study of literature on the project evaluation, including projects in social and educational sphere. Presented methodology useful not only for evaluating above mentioned project, but also beneficial as an illustration material for development of evaluation tool for similar projects.



**Keywords:** education, secondary education, teacher, teacher support, quality of education

Материал баспаға 25.11.2023 келіп түсті.

## Сауалнама жобасы

### Құрметті әріптес!

Жобаның сапасын бағалауға қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Сұхбаттың мақсаты – жобаның жалпы іске асуы, оған қатысушылардың қанағаттану деңгейі, жобаны жетілдіруді қажет ететін аспектілері, білім алушыларға ықпалы, білім беру ұйымының қызметін жақсартуға әсері туралы жалпы ақпаратты зерделеу жолымен осы жобаны одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы жұмыстың шеңберінде жиналған барлық ақпарат тек зерттеу мақсатында қолданылады.

Зерттеуге қатысушының аты-жөні, жеке мәліметтері жасырын сақталады және таратылмайды.

Егер Сізге қандай да бір шарттар ұнамаса, онда қазір немесе сұхбаттың кез келген тұсында әрі қарай жалғастырудан бас тарта аласыз.

Алайда Сіздің көзқарасыңыз жоба туралы объективті талдау, оны одан әрі жасау тұрғысынан өзекті. Сондықтан тек шынайы ақпарат ұсынуыңызды сұраймыз.

### ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

#### 1. Сіздің жынысыңыз

- Әйел
- Ер

#### 2. Пәніңіз

- Физика
- Математика
- Химия
- Биология
- Информатика
- Ағылшын тілі
- Бастауыш сыныптары
- Педагог-кәсіби бағдар беруші

#### 3. Ауданыңыз

- Еңбекшіқазақ
- Жамбыл
- Қонаев
- Талғар
- Іле
- Қарасай

#### 4. Педагогикалық өтіліңіз қанша жыл?

\_\_\_\_\_ жыл

#### 5. Сіздің категорияңыз:

- Педагог
- Педагог - модератор
- Педагог - сарапшы
- Педагог - зерттеуші
- Педагог - шебер
- Басқа\_\_\_\_\_

**6. Ең жоғары білім деңгейіңіз:**

- Колледж
- Бакалавриат
- Магистратура/маман
- Докторантура/аспирантура
- Басқа\_\_\_\_\_

**7. Сіз Білім беру ұйымдарын кешенді әдістемелік қолдау аясында төмендегі қолдау шараларының қайсысына қатыстыңыз?**

- a. «XXI ғасырдағы білім берудің негіздері».
- b. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері үшін «Effective Teaching Skills – English».
- c. «Жаратылыстану-ғылыми пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру».
- d. Жаратылыстану пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдеріне тәлімгерлік (менторство).
- e. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру курсы.
- f. «XXI» ғасырдағы кәсіптік бағдар беру негіздері курсы.
- g. Өңірдегі олимпиадалық қозғалысты дамыту бойынша шаралар.
- h. «Құндылықтарға негізделген білім беру».
- i. «Информатика» пәнінің мұғалімдеріне курс.

**КУРС ТУРАЛЫ****8. Кәсіби даму курсының мазмұны сіздің қазіргі оқыту тәжірибеңіз үшін қаншалықты өзекті?**

- Мүлдем өзекті емес
- Өзектілігі төмен
- Өзекті
- Өте өзекті

**9. Курстағы оқытушының (инструктор) білімі мен тәжірибесін қалай бағалайсыз?**

- Нашар
- Төмен
- Жақсы
- Керемет

**10. Оқытушы (инструктор) сізбен қаншалықты тиімді қарым-қатынас орнатты?**

- Мүлдем тиімсіз
- Аздап тиімді
- Тиімді
- Өте тиімді

**11. Кәсіби даму курсының жалпы ұйымы(организация) мен құрылымын қалай бағалайсыз?**

- Нашар
- Төмен
- Жақсы
- Керемет

Жақсы  
- Керемет

## ПРАКТИКА ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

**12. Кәсіби даму курсына үйренген ақпаратты сыныпта қаншалықты тиімді пайдаланасыз?**

- Еш пайдаланбаймын
- Біршама тиімді
- Тиімді
- Өте тиімді

**13. Кәсіби даму курсына берілген материалдар мен ресурстар пайдалы болды ма?**

- Иә
- Орташа
- Жоқ

## ЖАЛПЫ ҚАНАҒАТТАНУ

**14. Жалпы, сіз кәсіби даму курсына қаншалықты қанағаттандыңыз?**

- Мүлдем қанағаттанбадым
- Төмен деңгейде
- Қанағаттанарлық
- Жақсы
- Өте жақсы

**15. Сіз бұл кәсіби даму курсына басқа оқытушыларға ұсынар ма едіңіз?**

- Жоқ
- Білмеймін
- Мүмкін
- Әрине

**16. Сіздің ойыңызша, кәсіби даму курсының ұзақтығы қаншалықты қолайлы болды?**

- Тым қысқа
- Дұрыс
- Тым ұзақ

## ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

**17. Егер сіз кәсіби даму курсының бір аспекті өзгерте алсаңыз, ол не болар еді?**

[Ашық жауап]

**18. Ұйымдастырушыларға басқа пікір немесе ұсыныстарыңыз бар ма?**

[Ашық жауап]

**19. Төменде берілгендердің қайсысы Сізге сапалы білім беруге кедергі келтіріп отыр?**

Әр қатардан бір нұсқаны таңдаңыз

	Ешқандай кедергі жоқ	Кішкене кедергі	Үлкен кедергі
Оқу құралдарының жеткіліксіздігі			
Заманауи құралдардың жоқтығы			
Интернеттің әлсіздігі			
Сыныпта бала санының көптігі			
Ата-аналардың балаларының сапалы білім алуына қатысуының төмендігі			

Мектеп инфрақұрылымының  
нашарлығы, кабинеттердің әлсіз  
жабдықталуы  
Пән бойынша әріптестерден қолдаудың  
әлсіздігі  
Білім алушылардың оқуға ынтасының  
төмендігі  
Мектеп басшылығынан қолдаудың  
төмендігі  
Басқа (көрсетіңіз)

## 20. Төменде берілгендердің арасында қай тақырып бойынша өз кәсіби біліктілігіңізді әрі қарай дамыту қажет деп ойлайсыз?

Әр тармақтан біреуін белгілеңіз

	Қажеттілік жоқ	Қажеттілік төмен	Қажеттілік орташа	Қажеттілік жоғары
Пән бойынша білімді тереңдету				
Пәнді ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ бойынша білімді тереңдету				
Білім беру стандарты, бағдарламалары, жоспарлары бойынша білімді тереңдету				
Бағалау бойынша білімді тереңдету				
Цифрлық және компьютерлік технологияларды қолдану бойынша білімді тереңдету				
Сыныпты басқару бойынша білімді тереңдету				
Білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу, олардың қабілеттеріне қарай оқыту бойынша білімді тереңдету				
Сабақты жоспарлау бойынша білімді тереңдету				
Тәрбие компонентін іске асыру бойынша білімді тереңдету				
Зерттеушілік құзыретті дамыту				
Коммуникациялық дағдыларды дамыту				
Басқа (көрсетіңіз)				

## ТӘЛІМГЕРЛІК ТУРАЛЫ СҰРАҚТАР

**21. Сіз тәлімгерлік (менторство), мастер-класс, зертханалық тәжірибе бағдарламаларының біріне қатыстыңыз ба?**

- Иә
- Жоқ (әрі қарай сұрақтарға жауап бермеңіз, сауалнама аяқталды)

**22. Тәлімгерлікке қатысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеміз?**

Әр қатардан бір нұсқаны таңдаңыз (1 ең төмен, 5 ең жоғары балл)

	1	2	3	4	5
Тәлімгердің білімі мен тәжірибесін қалай бағалайсыз?					
Тәлімгер сізбен қаншалықты тиімді қарым-қатынас орнатты?					
Келесі тұжырыммен қаншалықты келісесіз? “Мен тәлімгер(лер)дің берген кері байланысына сәйкес жұмыс істеймін”.					
Жалпы, тәлімгерлік бағдарламасы сіз үшін қаншалықты пайдалы болды?					
Зертханалық тәжірибе курсы сіз үшін қаншалықты пайдалы болды?					
Бағдарламаның онлайн бөлігі (онлайн мастер-класстар) қаншалықты пайдалы болды?					

## 2. Педагогтермен фокус-топ жобасы

### Құрметті әріптестер!

Жобаның сапасын бағалауға қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Сұхбаттың мақсаты – жобаның жалпы іске асуы, оған қатысушылардың қанағаттану деңгейі, жобаны жетілдіруді қажет ететін аспектілері, білім алушыларға ықпалы, білім беру ұйымының қызметін жақсартуға әсері туралы жалпы ақпаратты зерделеу жолымен осы жобаны одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы жұмыстың шеңберінде жиналған барлық ақпарат тек зерттеу мақсатында қолданылады.

Зерттеуге қатысушының аты-жөні, жеке мәліметтері жасырын сақталады және таратылмайды.

Зерттеу аяқталған соң барлық материалдар жойылады.

Егер Сізге қандай да бір шарттар ұнамаса, онда қазір немесе сұхбаттың кез келген тұсында әрі қарай жалғастырудан бас тарта аласыз.

Алайда Сіздің көзқарасыңыз жоба туралы объективті талдау, оны одан әрі жасау тұрғысынан өзекті. Сондықтан тек шынайы ақпарат ұсынуыңызды сұраймыз.

Негізгі сұрақ	Қосымша сұрақ
Жоба туралы қайдан естідіңіз, не үшін қатысқыңыз келді?	Жоба туралы кім айтып берді?
Жоба не туралы болады деп ойладыңыз, қандай қолдау болады деп күттіңіз	Жобадан не аламын деп ойладыңыз?
Жобаның пайдасы туралы айтып өтсеңіз?	Жоба сіздің кәсіби дамуыңызға қалай ықпал етті?
Жобада алған ақпаратты өз сабағыңызда қолдануыңыз туралы айтып берсеңіз	Қандай жұмыстар жоспарлап отырсыздар, алдағы жоспарларыңыз қандай
Сіздің ойыңызша, жобаны әрі қарай қалай жетілдіруге болады?	Жобаны жетілдіру бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

### 3. Мектеп әкімшілігімен (директор немесе орынбасары) тереңдетілген сұхбат сұрақтары

#### Құрметті әріптес!

Жобаның сапасын бағалауға қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Сұхбаттың мақсаты – жобаның жалпы іске асуы, оған қатысушылардың қанағаттану деңгейі, жобаны жетілдіруді қажет ететін аспектілері, білім алушыларға ықпалы, білім беру ұйымының қызметін жақсартуға әсері туралы жалпы ақпаратты зерделеу жолымен осы жобаны одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы жұмыстың шеңберінде жиналған барлық ақпарат тек зерттеу мақсатында қолданылады.

Зерттеуге қатысушының аты-жөні, жеке мәліметтері жасырын сақталады және таратылмайды.

Зерттеу аяқталған соң барлық материалдар жойылады.

Егер Сізге қандай да бір шарттар ұнамаса, онда қазір немесе сұхбаттың кез келген тұсында әрі қарай жалғастырудан бас тарта аласыз.

Алайда Сіздің көзқарасыңыз жоба туралы объективті талдау, оны одан әрі жасау тұрғысынан өзекті. Сондықтан тек шынайы ақпарат ұсынуыңызды сұраймыз.

Негізгі сұрақ	Қосымша сұрақ
Өзіңіз туралы, біліміңіз, еңбек өтіліңіз, осы мектептегі қызметіңіз туралы қысқаша айтып берсеңіз	Неше жылдан бері осы мектепте жұмыс жасайсыз?
Жетістіктеріңіз, оның ішінде осы мектепте қызмет етіп жүрген кезеңдегі жетістіктеріңіз туралы айтып өтсеңіз?	Өзіңіздің жетістіктеріңіз, шәкірттеріңіздің жетістіктері, мектептің жетістіктері
Мектептегі білім сапасы туралы атып берсеңіз? Сыртқы бағалау, ішкі бағалау, ҰБТ, олимпиадалар, конкурстар т.б. нәтижелерімен салыстырғанда	Осы аумақтағы басқа мектептермен салыстырғанда білім сапасын қалай бағалайсыз?
Жобаға қатысу туралы естігендегі көңіл-күйіңіз, үмітіңіз туралы айтып берсеңіз	Қобалжу сияқты эмоциялар сезіндіңіз бе
Жобаның іске асуы, қандай пайдасы болғандығы, жалпы жоба көзқарасыңызды айтып берсеңіз	Жобаға қатысушы педагогтердің көзқарасы қалай деп ойлайсыз
Жобаны әрі қарай тиімді етудің жолдары туралы айтып берсеңіз	Жобаны жетілдіру бойынша ұсыныстарыңыз



**Білім алушылардың 5 жыл ішіндегі білім сапасы мен жетістіктердегі динамика (50 мектеп)**

№		21- 22	22- 23	23- 24	24- 25	25- 26
1	ББЖМ орташа нәтижесі					
2	Халықаралық білім сапасын бағалау бойынша зерттеулердің орташа нәтижесі					
3	ҰБТ-ға қатысу	түлектер жалпы санына шаққандағы пайзы %				
		Орташа балы				
4	Алтын белгі иегерлері	Үміткерлер саны				
		Өз бағасын растағандар саны				
5	Ерекше үлгідегі аттестат иегерлерінің саны	Үміткерлер саны				
		Өз бағасын растағандар саны				
6	Оқу жылының қорытындысы бойынша үлгерімі төмен оқушылар саны					
7	Аудандық пәндік олимпиадалар жеңімпаздарының саны					
8	Облыстық пәндік олимпиадалар жеңімпаздарының саны					
9	Республикалық пәндік олимпиадалар жеңімпаздарының саны					
10	Халықаралық пәндік олимпиадалар жеңімпаздарының саны					
11	Аудандық ғылыми жарыстар жеңімпаздарының саны					
12	Облыстық ғылыми жарыстар жеңімпаздарының саны					
13	Республикалық ғылыми жарыстар жеңімпаздарының саны					
14	Халықаралық ғылыми жарыстар жеңімпаздарының саны					